

«Күншуақ» кіші тобының ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Желтоқсан айы. 2020.ж.

Өтпелі тақырып: «Жайнай бер,Қазақстаным!»

Мақсаты:Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау.

Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту..

Білім беру саласы	Денсаулық Дене шынықтыру - 3	Коммуникация Сөйлеуді дамыту - 0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным Сенсорика - 0,5 Құрастыру - 0,5 Жаратылыстану - 1	Шығармашылық Сурет салу - 1 Жапсыру - 0,25 Мүсіндеу - 0,25 Музыка - 1,5	Әлеумет-0
Жасы			2 жас		
Оқу мақсаты Үлгілік оқу бағдарламасы	Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып дене дағдылары мен қимыл қозғалыс түрлерін қалыптастырады.	Тілдік қарым-қатынас дағдыларын, сөздік қорларын, әдеби шығармаға деген қызығушылықтарын арттырады.	Балалардың танымдық қабілеттері дамып, ой-өрістері кеңінен қалыптасты.	Шығармашылық қабілеттері дамып, эстетикалық қабылдаулары жақсы қалыптаса түсті.	
I АПТА	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы :Көлбеу тақтайша Мақсаты: Көлбеу тақтайша бойынша төрт тағандап еңбектеу,одан оңай шыға алды. Допты педагогқа лақтырып,саусақтары кең ашылған алақанмен допты қағып алу дағдысын білді. Қажетгі құралдар: көлбеу тақтайша,балалардың шағын тобына арналған доптар. 2.Тақырыбы:Көлбеу тақтайшамен еңбектеп жүру. Мақсаты: Еденге қойылған заттар арқылы (олардың арасындағы ара қашықтық 25см)аттап өтуге,денесін тік	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Әке мен бала және ескі құмыра ертегісі. Фланелеграф театрында сахналау. Мақсаты: Балалар ертегі мазмұнын түсіне отырып, берілген сұрақтарға толық жауап береді.	Сенсорика Тақырыбы: «Мұнара» Мақсаты: Үш түсті (текшелер, конустар, цилиндрлер) бөліктері біртіндеп кемитін, бір өлшемді шарлар мен текшелерден мұнаралар құрастыра алады. Жаратылыстану Тақырыбы «Менің Қазақстаным» Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлейді,	Сурет салу Тақырыбы: Мұржадан түтін будақтайды Мақсаты: Қарындашпен үзбей ирек сызықтар салу дағдыларын біледі. Музыка «Менің Қазақстаным» Мақсаты.Музыкалақ шығарманың мазмұнын түсініп (кім, не туралы)көңіл күйін білдіреді.Әнді жеке және топпен айтады. Музыка 2. Музыканың сүймелдеуімен жүреді,жүгіреді жұптасып	

	ұстады. көлбеу тақтайшамен еңбектеп жүру арқылы қол мен аяқтың қозғалысын үйлестірді. Күрделі емес тапсырмаларды орындай отырып, зал бойынша жүруде жаттығу, сап тізбекте өз орнын таба білді. Қажетті құралдар: текшелер көлбеу тақтайша. 3.Тақырыбы: Шеңбер ішіне еңбектеу. Мақсаты: Еденге тігінен орналасқан шеңбер ішінен еңбеккей алды. Допты жоғары лақтыру және өзіне қыспай ұстап алу іскерлігін бекітт. Доппен жүруде жаттығу, допты түсі бойынша орналастыру іскерлігін, қозғалысты дәйекті орындады. Қажетті құралдар: 3-4 дана шеңбер, балалардың шағын тобына арналған доптар.		еліне, туған жерге деген сүйіспеншілікті ажыратады. Қазақстан Республикасы туралы ажырата алады. (рәміздер мен таныстыру)	шеңбермен жүреді. Әннің бөліктерін айтады. Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды. Мүсіндеу Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Балалар ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ жұмыр мүсіндер жасай отырып, шар пішініне келтірген соң алақан арасына салып сопақша етіп жасай алады.	
2 АПТА	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: 1,5м қашықтықта саусақтары кең ашылған алақанмен допты лақтыру. Мақсаты: Педагогке 1,5м қашықтықта саусақтары кең ашылған алақанмен допты лақтыруға және одан допты қағып алды. Еденде жатқан жалпақ шеңберге секіруге жаттығу, екі аяқты бір уақытта екпінді серпілу және аяқ ұшымен қону арқылы дене бітімін дұрыс ұстап және тепе-теңдікті сақтай отырып еркін жүрді және жүгірді.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Жасыл шырша (өлең) Есентай Ерботин Мақсаты: балаларды жаңа жыл мерекесі туралы біледі, тақпақ өлеңдерін түсіне мәнерлеп айта біледі. Шырша туралы өлеңді ересектер көмегімен қайталай алады, өлең мазмұнымен түсіне алады	Құрастыру Тақырыбы: Көпір Мақсаты: Балалар құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып көпір жасай алады. Жаратылыстану Тақырыбы: Табиғат туған үйіміз Мақсаты: Балаларды туған өлкенің табиғатының ерекшеліктері туралы біледі. Көргендерін суреттеп бере алады. Табиғаттың	Сурет салу Тақырыбы: Маймақ маң-маң басады Мақсаты: Аюдың ізін қарындашпен үлкен және кіші дақ арқылы ізін сала алады. Жапсыру Тақырыбы: «Менің үйім» Мақсаты: Балалар пішіндерден (үшбұрыш, төртбұрыш) геометриялық пішіндер арқылы үй құрастыра алады.	

	Қажетті құралдар:еркін жүру және жүгіру дағдысын жетілдіру. 2.Тақырыбы:Көлбеу саты үстімен өрмелеу. Мақсаты:Көлбеу саты үстімен өрмелеу арқылы тіректің жоғарғы жағымен жүргенде тұрақта тепе-теңдікті және дене түзілісін дұрыстап ұстап жүрді.Қозғалыс тәжірбиесін физикалық жаттығулар мен қозғалмалы ойындарды әр түрлі түрлерімен байыту, қозғалыстың басталуы мен аяқталуы кезінде белгіні қабылдай білді. Қажетті құралдар:Көлбеу саты, гимнастикалық орындықтар. 3.Тақырыбы:Табандарды бүгу. Мақсаты:Табандарды бүгуге және орындықтан секіру кезінде жартылай бүгілген аяқтары жерге түсті. Еңіс баспалдақпен қосымша қадаммен өрмелеу арқылы педагогтың нұсқауларын мұқият тыңдай білді. Қажетті құралдар: Биіктігі:20см текше, көлбеу тақтайша.		сұлулығын түсініп, табиғат аясындағы қарапайым мінез- құлық ережелерін сақтап, табиғатқа қамқор бола алады. Табиғаттағы құстарға, өсімдіктерге, жан-жануарларға көмек көрсете біледі	Музыка Сүйікті Отаным Мақсаты: Музыкалық шығарманың сипатын(марш,баяу,көңілді, салмақты)ажыратады.Ән ұранды орындау ережесін сақтайды.(үлкендердің көмегімен)	
3 АПТА	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы:Саптізбекте жүру. Мақсаты: Саптізбектен шықпастан бағыт ауыстыра отырып,жүгірді. Орындықтан секіргеннен кейін тепе-теңдікті сақтау арқылы басын және кеудесін тік ұстау, алға жүрді. Көлбеу сатымен өрмелеуде жаттығу координациясы мен батылдығын, сапқа	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Тақырыбы: Астана (өлеңін жаттау) Ермек Өтетілеуов. Мақсаты: Балалар өлең жолдарын	Сенсорика Тақырыбы: «Мегадағы ойыншықтар» Мақсаты: Балалар мұнда, анда деген белгілер бойынша ойыншықтарды кеңістікке орналастыра	Сурет салу Тақырыбы: Әсем қаланың өрнектері Мақсаты: Түрлі-түсті фломастерді пайдалана отырып, әсем гүлзарларды безендіре біледі.	

	тұру кезінде өз орнын таба білді. Қажетті құралдар: гимнастикалық орындықтар, көлбеу саты сылдырмақтар. 2.Тақырыбы: Гимнастикалық орындықта тепе-теңдік сақта. Мақсаты: Еденнен екі аяқты қатты екпінмен серпіле, заттар арасынан секіру арқылы бағытты ауыстыру барысында жүру мен жүгіру жаттығу, қозғалыс бағытын өзгерту, жүрумен жүгіруді кезектестіру, саптізбек тәртібін бұзбай, гимнастикалық орындықтар тепе – теңдікті сақтады. Қажетті құралдар: гимнастикалық орындықтар, балалардың шағын тобына арналған доптар. 3.Тақырыбы: Допты еденге тігінен төмен қарай лақтыру. Мақсаты: Допты тігінен төмен қарай лақтыруға және доп секіргеннен кейін екі қолмен ұстап алды. Жартылай бүгілген аяқпен серпіле, жаймен қонып, заттар арқылы секірді. Қажетті құралдар: балалардың шағын тобына арналған доптар текшелер	тыңдап, бірнеше қайталату арқылы қысқа тақпақты жаттап айта алады.	біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: Жабайы аңдар Мақсаты: Жабайы аңдарды бір-біріне ажырата біледі және олардың аттарын дұрыс айтады. Видеоролик арқылы Қазақстанның жабайы аңдарын атай алады. (ақ аю, қоян, түлкі, қасқыр)	1.Музыка Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты: Әннің мағынасын түсініп қоңыраулардың жоғарғы төменгі дыбысталуын ажыратады. Дауысты жылдамдатпай, сөздерін айқайламай айтады. Музыка 2.Тақырыбы: Қыс қызығы. Мақсаты: Ән айтуда ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды. (шапалақтайды, аяқтарын топылдатады т.б) би қимылдарын шеңберде тұрып орындайды.	
4 АПТА	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: Тепе-теңдікті сақтай отырып, дене түзілісін сақтау. Мақсаты: Гимнастикалық орындықтардан қолдар мен аяқ қимылдарын үйлестіре асып шықты. еркін табиғи түрде жүру және жүгіре білді. тепе-теңдікті сақтай отырып, дене түзілісін сақтау ептілікті, шыдамдылықты, қимылдарды үйлестірді. Қажетті құралдар: гимнастикалық орындықтар, балалардың шағын тобына арналған доптар, кегли. 2.Тақырыбы: Кірпіштен кірпішке аттау. Мақсаты: Кірпіштен кірпішке аттап тепе-теңдікті сақтады. Кедергілер арасынан аттап өтеді қол мен аяқтың қозғалысын үйлестірді.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Менің Қазақстаным Мақсаты: Балалар ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздері туралы біледі. Балалар рәміздер туралы қысқа тақпақтарды жаттай алады.	Құрастыру Тақырыбы: Бәйтерек Мақсаты: Балалар құрылыс материалдарымен жұмыс жасай алады, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырта біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: Тәуелсіз Қазақстан Мақсаты: Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы, өздері тұратын қалалары туралы әңгімелеп береді. Еліміздің рәміздерін атай	Сурет салу Тақырыбы: Шуақты күн (дөңгелек үлгісі) Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттарды салуды және күннің суретін салуды біледі. Түстерді дұрыс ажыратып айтады. 1.Музыка «Жасыл шырша» Мақсаты: Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасайды. Мазмұнды музыкалық ойындарда кейіпкерлер мен	

	Қажетті құралдар: кірпіштер,гимнастикалық орындықтар. 3.Тақырыбы: Жануарлардың қимылдарын бейнелеу. Мақсаты: Жануарлардың қимылдарын бейнелеп берді.Шектеулі алаңда тепе теңдікті сқтай білді. Допты қақпаға жылдам домалатты.Құралдар: кірпіштер,балалардың шағын тобына арналған доптар.		біледі.	оның қимылдарының музыкалық сипатын бере орындайды.	
--	---	--	---------	---	--